<u>Гормонрезистентті ұйқы безі обырын емдеудегі сақтық шаралары</u>

Доцетакселді үш апта сайын қабылдаған пациенттерде 65 және жас пациенттермен салыстырғанда қатар жүретін тырнақ өзгерістерінің жиілігі одан үлкен жастағы пациенттерде ≥10%-ға жоғары болды. Осымен байланысты қызба, диарея, анорексия және шеткері ісіну жиілігі 65 жасқа дейінгі пациенттермен салыстырғанда 75 жас және одан асқан пациенттерде ≥ 10%-ға жоғары болды.

Гормонрезистентті ұйқы безі обырын емдеудегі сақтық шаралары

Аса жоғары сезімталдық реакциясы, нейтропения, анемия, сұйықтықтың іркілуі, ентігу және тырнақтың өзгеруі 65 жасқа дейінгі пациенттермен салыстырғанда ≥65 жаста доцетаксел қабылдаған пациенттердің көпшілігінде тіркелді. Бұл жиілік жоғарылауының ешқайсысы бақылау тобымен 10% айырмашылыққа жетпеген.

75 жас және одан асқан жастағы пациенттерде жас пациенттермен салыстырғанда нейтропения, анемия, диарея, ентігу және жоғарғы тыныс жолдарының инфекциялары жиірек (кем дегенде 10%) кездескен.

Асқазан аденокарциномасы обырын емдеудегі сақтық шаралары

Егде жастағы пациенттерде ауыр жағымсыз реакциялардың жиілігі жасырақ пациенттермен салыстырғанда жоғары болды. Келесі жағымсыз реакциялардың жиілігі (барлық дәрежелер): енжарлық, стоматит, нейтропениялық инфекция жасырақ пациенттермен салыстырғанда 65 жастан асқан пациенттерде ≥ 10%-ға жоғары болды. ДЦФ қолданғанда егде жастағы пациенттерді қатаң бақылауды қамтамасыз еткен жөн.

Этил спирті

Доцетаксел-Келун-Казфарм 20 мг/мл және Доцетаксел-Келун-Казфарм 80 мг/4 мл құрамында 50 көл.% этанол бар, яғни құтысына 395,0 мг (0,5 мл) дейін және құтысына 1580.0 мг (2 мл) дейін. Препарат алкоголизмнен зардап шегетін адамдар үшін зиянды. Бұл фактіні жүкті немесе бала емізетін әйелдерде, балаларда және бауыр ауруымен немесе эпилепсиямен ауыратын пациенттер сияқты жоғары қауіп тобындағылар жағдайында ескеру керек.

Препарат құрамындағы алкогольдің орталық жүйке жүйесіне әсер ету мүмкіндігін қарастыру керек.

Жүктілік немесе лактация кезінде

Жүктілік

Жүкті әйелдердің доцетакселді қолдануы туралы ақпарат жоқ. Клиникаға дейінгі зерттеу оның эмбриоуыттылық және фетоуыттылық әсерлері бар екенін және фертильділікті төмендететінін дәлелдеді. Басқа цитоуытты дәрілік препарат сияқты, доцетаксел жүкті әйелдерге енгізілгенде шаранаға зиян тигізуі мүмкін. Сондықтан Доцетаксел-Келун-Казфармды, егер оны қолдануға нақты көрсетілімдер болмаса, жүктілік кезінде қолдануға болмайды.

Доцетаксел қабылдаған бала туу жасындағы әйелдерге жүктіліктен аулақ болуға кеңес беру керек, ал жүктілік кезінде емдеуші дәрігерге дереу хабарлау керек.

Лактация кезеңі

Доцетаксел - липофильді зат, бірақ оның емшек сүтімен бөлінетіні-бөлінбейтіні белгісіз. Сондықтан, емшек еметін балаларда жағымсыз реакциялардың дамуы мүмкін болғандықтан, доцетакселмен емдеудің барлық кезеңінде бала емізуді тоқтату керек.

Фертильділік

Емдеу кезінде контрацепцияның тиімді әдісін пайдалану керек.

Клиникалық емес зерттеулер доцетакселдің геноуыттылық әсері барын және еркектердің фертильділігін өзгертуі мүмкіндігін көрсетті. Демек, доцетаксел қабылдайтын ерлерге ем уақытында және одан кейін 6 ай бойына ұрықтандырудан бас тарту керек және ем басталғанға дейін шәуһет консервациялау бойынша кеңес алу керек.

Дәрілік заттың көлік құралын немесе қауіптілігі зор механизмдерді басқару қабілетіне әсер ету ерекшеліктері

Автомобильді және жұмыс механизмдерін басқару қабілетіне тигізетін ықпалына зерттеулер жүргізілген жоқ.

Осы дәрілік препараттың құрамындағы алкоголь мөлшері пациенттердің автомобильді немесе жұмыс механизмдерін басқару қабілетін төмендетуі мүмкін

Қолдану бойынша ұсынымдар

Доцетаксел-Келун-Казфарм препаратын пайдалану пациенттерді цитоуытты химиялық емдеумен маманданған, кәсіби білікті дәрігердің бақылауымен ғана мамандандырылған бөлімдерде жүргізілуі тиіс.

Доцетаксел-Келун-Казфарм цитоуытты химиялық емді пациентке жете білетін білікті дәрігердің бақылауымен ғана енгізілуі тиіс.

Дозалау режимі

Сүт безінің обырында, өкпенің ұсақ жасушалы емес обырында, асқазанның обырында, бас пен мойын обырында премедикация 3 күн бойы күніне 16 мг доза (яғни 8 мг-ден күніне 2 рет) дексаметазон сияқты пероральді кортикостероидты препаратты тағайындау болып табылады, егер қарсы көрсетілімдері жоқ болса, премедикацияға Доцетакселді енгізуден 1 күн бұрын кіріседі. Простата обырында преднизонды немесе преднизолонды бір мезгілде қолданатын болғандықтан, премедикацияның ұсынылатын режимі Доцетакселмен инфузиядан 12 сағат, 3 сағат және 1 сағат бұрын ішілетін 8 мг дексаметазонды құрайды. Профилактика мақсатында гематологиялық уыттылықтың даму қаупін ең төменге жеткізу үшін гранулоцитарлы колониястимуляциялаушы факторды (Г-КСФ) қолдануға болады.

Доцетакселді әрбір 3 апта сайын бір сағаттық инфузиямен енгізеді.

Сүт безінің обыры

Зақымданған және зақымданбаған лимфалық түйіндері бар сүт безінің операбельді обырын адъювантты емдеу үшін Доцетакселдің ұсынылатын дозасы 75 мг/м^2 құрайды, 50 мг/м^2 доксорубициннен және 500 мг/м^2 циклофосфамидтен кейін 1 сағаттан соң, әрбір 3 апта сайын, 6 цикл бойы (ДДЦ режимі) енгізіледі («Емдеу кезінде дозаны түзетуді» қараңыз).

Сүт безінің жергілікті таралған немесе метастаздық обыры бар пациенттерді емдеу үшін монотерапия ретінде Доцетакселдің ұсынылатын дозасы 100 мг/м^2 құрайды. Алғашқы желілік емді жүргізу үшін, 75 мг/м^2 Доцетакселді доксорубицинмен (50 мг/м^2) біріктіріп енгізеді.
Трастузумабпен біріктірілімінде Доцетакселдің ұсынылатын дозасы әрбір 3 апта сайын 100 мг/м^2 құрайды, мұндайда трастузумаб апта сайын енгізіледі. Доцетакселдің алғашқы инфузиясы трастузумабтың алғашқы дозасынан кейін келесі күні тағайындалады. Доцетакселдің кейінгі дозаларын, егер бұдан бұрын трастузумаб дозасының жағымдылығы жақсы болса, трастузумабпен инфузия аяқталысымен енгізеді. Трастузумабтың дозаларын және енгізу тәсілін трастузумабтың медициналық қолдану жөніндегі нұсқаулықтан қараңыз (қараңыз).
Капецитабинмен біріктірілімінде Доцетакселдің әрбір 3 апта сайын ұсынылатын дозасы 75 мг/м^2 құрайды, капецитабинмен біріктірілімінде 2 апта бойы, әрі қарай апталық үзіліспен, күніне екі рет 1250 мг/м^2 (тамақтанудан кейін 30 минут ішінде) құрайды. Капецитабиннің дозасын дене бетінің ауданын есепке ала отырып есептеуді капецитабиннің медициналық қолдану жөніндегі нұсқаулығынан қараңыз.
Өкпенің ұсақ жасушалы емес обыры
Бұрын химиялық ем қабылдамаған және өкпенің ұсақ жасушалы емес обырына қатысты емделіп жүрген пациенттер үшін ұсынылатын дозалау режимі 75 мг/м^2 Доцетаксел болып табылады, осыдан кейін тікелей 30-60 минут ішінде 75 мг/м^2 цисплатин қолданылады. Платинаға негізделген, тиімді емес, алдын ала жүргізілетін химиялық емдеуден кейін монотерапия ретінде емдеу үшін ұсынылатын доза 75 мг/м^2-ге тең.
Қуықасты безінің обыры
Метастаздық гормонға төзімді простата обыры. Доцетакселдің ұсынылатын дозасы 75 мг/м^{2}құрайды. Преднизон немесе преднизолон 5 мг күніне екі рет үздіксіз пероральді енгізіледі.
Метастаздық гормонға сезімтал қуық асты безінің обыры.
Доцетакселдің ұсынылған дозасы 6 цикл үшін әр 3 аптада 75 мг/м^2 құрайды. Преднизон немесе преднизолон 5 мг күніне 2 рет пероральді, үздіксіз.
Асқазанның аденокарциномасы
Доцетакселдің ұсынылатын дозасы бір сағаттық инфузиямен 75 мг/м^2 құрайды, әрі қарай 75 мг/м^2 цисплатинмен 1-3 сағаттық инфузияға ұласады (екі инфузия да тек бірінші күні), содан кейін цисплатинмен инфузия аяқталған сәттен бастап 5 күн бойы үздіксіз 24 сағаттық инфузиямен күніне 750 мг/м^{2}5-фторурацил қолданылады. Емдеуді әрбір 3 апта сайын қайталайды. Цисплатинді енгізумен байланысты антиэметикалық дәрілермен премедикация және тиісті гидратация жүргізу қажет. Профилактика мақсатында гематологиялық уыттылықтың даму қаупін төмендету үшін Г-КСФ қолданған жөн (сондай-ақ Емдеу кезінде дозаны түзетуді де қараңыз).
Бас пен мойын обыры

Антиэметикалық препараттармен премедикация және тиісті гидратация (цисплатинді енгізгенге дейін және кейін) жүргізген жөн. Г-КСФ профилактикасын гематологиялық уыттылық қаупін азайту үшін пайдалануға болады.

- Әрі қарай бастапқы химиялық емге ұласатын химиялық-сәуле емі:

Операбельді емес, жергілікті таралған Бас пен мойынның жалпақжасушалы обырын (БМЖЖО) бастапқы ем үшін Доцетакселдің ұсынылатын дозасы бір сағаттық инфузияда 75 мг/м^2 құрайды, одан кейін алғашқы күні 1 сағат бойы 75 мг/м^2 цисплатинді енгізеді, содан кейін үздіксіз инфузиямен 5 күн бойы күніне 750 мг/м^{2}доза 5-фторурацилді енгізеді. Бұл сызбаны әрбір 3 апта сайын 4 цикл ішінде қайталайды. Химиялық емнен кейін сәуле емін жүргізген жөн.

- Әрі қарай бастапқы химиялық емге ұласатын химиялық-сәуле емі:

Жергілікті таралған (техникалық тұрғыдан резектабельді емес, хирургиялық емдеу ықтималдығы болмашы және ағзаны сақтау мақсатында) бас пен мойынның жалпақжасушалы обыры (БМЖЖО) бар пациенттерді бастапқы емдеу үшін Доцетакселдің ұсынылатын дозасы алғашқы күні бір сағаттық венаішілік инфузияда 75 мг/м^2 құрайды, оның ізінше 30 минуттан бастап 3 сағатқа дейін 100 мг/м^2 цисплатинді енгізеді, содан кейін бірінші күннен төртінші күнді қоса үздіксіз инфузиямен күніне 1000 мг/м^2 доза 5-фторурацил енгізеді. Осы сызбаны әрбір 3 апта сайын 3 цикл бойы қайталайды. Химиялық емнен кейін ізінше химиялық-сәуле емі тағайындалуы тиіс.

Цисплатиннің және 5-фторурацилдің дозаларын өзгертуді препараттарды медициналық қолдану жөніндегі тиісті нұсқаулықтардан қараңыз.

Емдеу кезінде дозаны түзету:

Доцетакселді нейтрофилдер саны ≥ 1.500 жасуша/мм ^{3} болған кезде қолдану керек.

Доцетакселмен емделу кезінде 1 аптадан астам уақыт бойы нейтрофилдер саны < 500 жасуша/мм^3 болатын фебрильді нейтропения, ауыр немесе жинақталған тері реакциялары немесе ауыр шеткері невропатия дамыған жағдайда Доцетаксел дозасы 100 мг/м^2-ден 75 мг/м^2-ге дейін және/немесе 75 мг/м^2-ден 60 мг/м^2-ге дейін төмендетілуі тиіс. Егер 60 мг/м^{2}дозада жоғарыда аталған реакциялар қайтпаса, емдеуді тоқтатқан жөн.

Сүт безі обырының адъювантты емі

Сүт безінің обырына қатысты Доцетакселмен, доксорубицинмен және циклофосфамидпен (ДДЦ) адъювантты ем қабылдаған пациенттер жағдайында Г-КСФ жәрдемімен алғашқы профилактика қажеттілігін екшеген жөн. Фебрильді нейтропениясы және/немесе нейтропениялық инфекциясы бар науқастар үшін Доцетаксел дозасын барлық келесі циклдерде 60 мг/м^2-ге дейін төмендеткен жөн.

3 немесе 4 дәрежедегі стоматит жағдайында дозаны 60 мг/м^2-ге дейін төмендету керек.

Цисплатинмен біріктіру

Бұдан бұрынғы емдеу курсы кезінде Доцетакселдің бастапқы дозасы 75 мг/м^2 тең болатын, цисплатинмен біріктірілген және тромбоциттер саны 25.000 жасуша/мм^3-ден азды құрайтын пациенттер үшін, сондай-ақ фебрильді нейтропениясы немесе ауыр гематологиялық емес уыттылығы бар пациенттер үшін Доцетакселдің дозасын кейінгі циклдерде 65 мг/м^2-ге дейін төмендеткен жөн. Цисплатиннің дозасын түзетуді препараттың медициналық қолдану жөніндегі тиісті нұсқаулығынан қараңыз.

Капецитабинмен біріктіру

- капецитабин дозасын өзгертуді капецитабиннің медициналық қолдану жөніндегі нұсқаулықтан қараңыз.
- капецитабинмен біріктірілген Доцетаксел препаратымен келесі емдеу сәтінде персистирлейтін, 2 дәрежедегі уыттылықтың алғашқы белгілерінде, емдеуді уыттылық 0-1 дәрежеге дейін төмендегенше кейінге қалдыра тұрған жөн; емдеуді бастапқы дозаның 100%-ын қолдана отырып қайта жаңғыртады.
- емдеудің кез келген сатысында 2 дәрежедегі уыттылық қайталап дамығанда немесе 3 дәрежедегі уыттылық алғаш пайда болғанда, емдеуді уыттылық 0-1 дәрежеге дейін төмендегенше кейінге қалдыра тұрған жөн, содан кейін Доцетакселмен емдеуді 55 мг/м^2 дозаны қолдана отырып қайта жаңғыртады.
- уыттылықтың кез келген кейінгі көріністерінде немесе уыттылықтың 4 дәрежесінде Доцетаксел енгізуді тоқтатқан жөн.

Трастузумабтың дозасын өзгертуді препараттың медициналық қолдану жөніндегі нұсқаулықтан қараңыз.

Цисплатинмен және 5-фторурацилмен біріктіру

Егер Г-КСФ қолданылуына қарамастан, фебрильді нейтропения, ұзаққа созылған нейтропения немесе нейтропениямен байланысты инфекциялар орын алса, Доцетакселдің дозасын 75 мг/м^2-ден 60 мг/м^2-ге дейін төмендеткен жөн. Егер асқынған нейтропения көріністері жалғасса, Доцетакселдің дозасын 60-тан 45 мг/м^2-ға дейін төмендету керек. 4 дәрежедегі тромбоцитопения жағдайында Доцетакселдің дозасын 75-тен 60 мг/м^2-ге дейін төмендеткен жөн. Емдеуді Доцетакселдің келесі циклдерімен жалғастыру нейтрофилдер саны > 1.500 жасуша/мм^3 деңгейі қалпына келгенше, ал тромбоциттер саны > 100.000 жасуша/мм^{3}деңгейі қалпына келгеннен кейін бастау керек. Егер уыттылықтың бұл симптомдары сақталса, емдеуді тоқтатқан жөн.

Доцетакселді цисплатинмен және 5-фторурацилмен (5-ФУ) біріктіріп қабылдап жүрген пациенттердегі уыттылық жағдайында ұсынылатын дозаларды өзгерту:

Уыттылық	**Дозаны түзету**
3 дәрежедегі диарея	Алғашқы көрініс: 5-ФУ дозасын 20%-ға төмендету керек. Екінші көрініс: содан кейін доцетаксел дозасын 20%-ға төмендету керек.

4 дәрежедегі диарея	Алғашқы көрініс: Доцетаксел және 5-ФУ дозасын 20%-ға төмендету керек. Екінші көрініс: емдеуді тоқтату керек.
3 дәрежедегі стоматит (мукозит)	Алғашқы көрініс: 5-ФУ дозасын 20%-ға төмендету керек. Екінші көрініс: кейінгі циклдердің бәрінен тек 5-ФУ-ді ғана алып тастау керек. Үшінші көрініс: Доцетаксел дозасын 20%-ға төмендету керек.
4 дәрежедегі стоматит (мукозит)	Алғашқы көрініс: кейінгі циклдердің бәрінен тек 5-ФУ-ді ғана алып тастау керек. Екінші көрініс: Доцетаксел дозасын 20 %-ға төмендету керек.

Цисплатин мен 5-фторурацил дозасын түзетуді препараттарды медициналық қолдану жөніндегі тиісті нұсқаулықтан қараңыз.

Бас пен мойынның жалпақжасушалы обыры (БМЖЖО) және асқынған нейтропениясы (ұзаққа созылған нейтропенияны, фебрильді нейтропенияны немесе барлық кейінгі циклдердегі инфекцияны қоса) бар пациенттерге профилактикалық қорғанышты (мысалы, 6-15 күндері) қамтамасыз ету үшін барлық кейінгі циклдерде Г-КСФ қолдану ұсынылады.

Ерекше қауым

Бауыр функциясы бұзылған пациенттер

Трансаминаза [АСТ және/немесе ALT] белсенділігі қалыптың жоғарғы шегінен (ҚЖШ) 1,5 есе жоғары және сілтілі фосфатаза ҚЖШ-ден 2,5 есе жоғары пациенттер үшін 100 мг/м^2 болатын Доцетаксел монотерапиясында алынған фармакокинетикалық деректер негізінде Доцетакселдің ұсынылатын дозасы 75 мг/м^2 құрайды. Сарысудағы билирубин деңгейі ҚЖШ-ден жоғары болғанда және/немесе АСТ және АЛТ деңгейлері ҚЖШ-ден 3,5 еседен астам болғанда, ҚЖШ-ден 6 есе жоғары сілтілік фосфатаза деңгейімен үйлескенде дозаны төмендету ұсынылмайды – қатаң көрсетілімдер болмаған жағдайда Доцетакселді қолдануға болмайды.

Асқазанның аденокарциномасын емдеу үшін цисплатинмен және 5-фторурацилмен біріктірген жағдайда, АЛТ және/немесе АСТ деңгейлері ҚЖШ-ден 1,5 есе астам болатын, ҚЖШ-ден 2,5 есе жоғары сілтілік фосфатаза деңгейімен бірге және билирубин деңгейі ҚЖШ-ден жоғары болатын пациенттер үшін дозаны төмендету ұсынылмайды – Доцетакселді, егер қатаң көрсетілімдері жоқ болса, қолданбаған жөн. Басқа көрсетілімдері бойынша доцетакселдің біріктірілімімен емделген, бауыр функциясы бұзылған пациенттерді емдеу жөнінде деректер жоқ.

Егде жастағы пациенттер

Популяцияны фармакокинетикалық талдау деректеріне сүйене отырып, егде жастағы пациенттерге препаратты қолдану бойынша арнайы нұсқаулар жоқ.

Капецитабинмен біріктірген жағдайда 60 жастағы және одан үлкен пациенттер үшін капецитабиннің бастапқы дозасын 75% дозаға дейін төмендету ұсынылады (капецитабиннің медициналық қолдану жөніндегі нұсқаулығын қараңыз).

Педиатриялық популяция

1 айлықтан < 18 жасқа дейінгі балалардағы назофарингеальді карциномада доцетакселдің қауіпсіздігі және тиімділігі әлі анықталған жоқ.

Педиатриялық популяциядағы, дифференциациялануы төмен назофарингеальді карциноманың II және III типтерін қоспағанда, сүт безінің обырында, өкпенің ұсақ жасушалы емес обырында, простата обырында, асқазан карциномасында және бас пен мойын обырында доцетаксел қолданудың негізі жоқ.

Артық дозалану жағдайында қабылдануы қажет шаралар

Симптомдары: артық дозалану туралы хабарламалардың саны аз. Артық дозаланудың негізгі көріністері сүйек кемігі функциясының тежелуі, шеткері нейроуыттылық және мукозит (шырышты қабықтың қабынуы) болды.

Емі: қазіргі уақытта доцетакселге антидот жайы белгісіз. Артық дозаланған жағдайда науқасты мамандандырылған бөлімде бақылайды және организмнің өмірлік маңызды функцияларына мұқият мониторинг жүргізеді. Науқастарға мүмкіндігінше тезірек Г-КСФ тағайындау керек. Қажеттілігне қарай - симптоматикалық ем.

ДП стандартты қолдану кезінде пайда болатын жағымсыз реакциялардың сипаттамасы және бұл жағдайда қабылдануы тиіс шаралар

Монотерапия ретінде тағайындалған доцетакселге анағұрлым жиі білінген жағымсыз реакциялар нейтропения [(қайтымды және жинақталмайтын) 7 күнге орташа алғандағы жасушалар саны аз, ауыр нейтропенияның орташа ұзақтығы (нейтрофилдер саны < 500 жасуша/м^3 7 күнді құраған)], анемия, алопеция, жүрек айнуы, құсу, стоматит, диарея және астения болып табылады.

Оны трастузумабпен біріктіріп тағайындаған кезде тіркелген жағымсыз реакциялар (барлық дәрежедегі) ≥10% жағдайда туындаған. Доцетакселмен монотерапиямен салыстырғанда, оны трастузумабпен біріктіріп тағайындағанда күрделі жағымсыз реакциялар (31%-бен салыстырғанда 40%) мен 4 дәрежелі жағымсыз реакциялардың жиілігі артқаны (23%-бен салыстырғанда 34%) байқалды.

Капецитабинмен біріктірілімне қатысты анағұрлым жиі кездескен, емдеумен байланысты жағымсыз реакциялар келтірілген, олар сүт безінің обырын емдеу кезінде антрациклинмен емдеу сәтсіз болған кездері (≥ 5%) білініп отырған.

Доцетаксел преднизонмен немесе преднизолонмен біріктірілгенде доцетакселмен емдеудің 6 циклі кезінде пайда болатын және гормонға сезімтал қуықасты безі обырын емдеудегі бақылау тобымен салыстырғанда

доцетакселмен емдеу тобында кемінде 2% жиі кездесетін жағымсыз реакциялар ұсынылған.
Доцетакселді қолдану кезінде келесі жағымсыз реакциялар жиі байқалады:
Жиі (≥1/100-<1/10)
- аса жоғары сезімталдық реакциялары, әдетте, доцетаксел инфузиясы басталғаннан кейін бірнеше минуттан соң және әдетте, ауырлық дәрежесі жеңіл немесе орташа болып келеді. Анағұрлым жиі кездесетін симптомдары гиперемия, қышынумен немесе онсыз жүретін бөртпе, кеуденің қысылу сезімі, арқаның ауыруы, ентігу, жоғары температура немесе қалтырау болып табылады. Ауыр реакциялар гипотензиямен және/немесе бронх түйілуімен немесе жайылған бөртпемен (эритемамен) жүрген.
- жүйке сезімталдығының парестезиямен, дизестезиямен және ауырулармен, соның ішінде күйдіріп ашытатын ауырулармен сипатталатын ауырлығы жеңіл және орташа дәрежелі бұзылуы белгілері. Жүйке-бұлшықет көріністері негізінен әлсіздікпен сипатталады. Ауыр шеткері нейроуыттылық дамыған жағдайда дозасын төмендету қажет.
- әдетте жеңіл немесе айқындығы орташа деп саналатын қайтымды тері реакциялары. Реакциялар бөртпемен, соның ішінде, негізінен, аяқтар мен қолдардағы (соның ішінде алақан-табан эритродизестезиясы синдромының ауыр түрі), сондай-ақ білектегі, бет пен кеудедегі, көбіне қышынумен қатар жүретін жергілікті бөртпелермен сипатталған. Әдетте, бөртпелер доцетаксел инфузиясынан кейінгі апта ішінде пайда болып отырған. Ауыр симптомдар сирек тіркеліп отырған: кейіннен десквамациямен жүретін, сирек жағдайларда доцетакселмен емдеуді үзе тұруға немесе тоқтатуға мәжбүр еткен бөртпелер. Тырнақтардың ауыр өзгерістері гипопигментациямен немесе гиперпигментациямен және кейде ауырумен және онихолизиспен сипатталған.
- инфузия енгізілген жерде реакциялар, әдетте, жеңіл түрде болады және терінің гиперпигментациясы, қабынуы, қызаруы немесе құрғауы, флебит немесе веналардың қанталаулары және ісінуі болып табылады.
Сұйықтық іркілісі шеткері ісінулер түрінде және сирек плевральді жалқық, перикардиальді жалқық, асцит және дене салмағының артуы түрінде байқалған. Шеткері ісінулер, әдетте, аяқтардан басталады, дене салмағының 3 және одан астам кг артуымен жайылған түрге айналуы мүмкін. Сұйықтық іркілісінің жиілігі және ауырлық дәрежесі жинақталу сипатында болады.
Сүт безі обырын емдеуде монотерапия ретінде Доцетаксел 100 мг/м^2 дозада
Өте жиі (≥1/10)
- инфекциялар (соның ішінде сепсис және пневмония, өліммен аяқталғаны 1,7%)
- нейтропения, соның ішінде фебрильді, анемия
- аса жоғары сезімталдық
- анорексия

- шеткері сенсорлық және моторлық нейропатия, дисгевзия
- ентігу
- стоматит, диарея, жүрек айну, құсу
- алопеция, тері реакциялары, тырнақтардың бұзылуы
- миалгия
- сұйықтық іркілісі, астения, ауыру

Жиі (≥1/100-<1/10)
- нейтропениямен байланысты инфекциялар
- тромбоцитопения
- аритмия
- гипотензия, гипертензия, геморрагия
- іш қату, іштің ауыруы, асқазан-ішектен қан кету
- артралгия
- инфузия енгізу орнындағы реакциялар, кеудедегі жүректік емес ауыру
- қандағы жоғары билирубин, қандағы сілтілі фосфатаза деңгейінің жоғарылауы, АСТ және АЛТ жоғарылауы

Сирек (≥ 1/1.000-<1/100)
- жүрек жеткіліксіздігі
- эзофагит

Сирек (≥ 1/10.000-<1/1.000)
- 3/4 дәрежелі тромбоцитопениямен қатар жүретін қан кету көріністері.

Өте сирек (<1/10.000)
- қайтымсыз алопеция

73% тері реакциялары 21 күн ішінде қайтады

Өкпенің ұсақ жасушалы емес обырын емдеуде монотерапия ретінде доцетаксел 75 мг/м ^{2} дозада

Өте жиі (≥1/10)
- инфекциялар
- нейтропения, анемия, тромбоцитопения
- анорексия
- шеткері сенсорлық нейропатия
- жүрек айнуы, стоматит, құсу, диарея
- алопеция, тері реакциялары
- астения
- сұйықтық іркілісі, ауыру

Жиі (≥1/100-<1/10)
- фебрильді нейтропения
- аса жоғары сезімталдық (ауыр емес)
- шеткері моторлық нейропатия
- аритмия (ауыр емес)
- гипотензия
- іш қату
- тырнақтардың бұзылуы
- миалгия
- қанда билирубиннің жоғарылауы

Доцетаксел 75 мг/м^2 сүт безі обырын емдеуде доксорубицинмен біріктірілімде
Өте жиі (≥1/10)
- инфекциялар
- нейтропения, оның ішінде фебрильді, анемия, тромбоцитопения
- шеткері сенсорлық нейропатия
- жүрек айнуы, стоматит, диарея, құсу, іш қату
- алопеция, тырнақтардың бұзылуы, тері реакциялары (ауыр емес)
- астения, сұйықтықтың іркілуі, ауыру

Жиі (≥1/100-<1/10)
- аса жоғары сезімталдық
- анорексия
- шеткері моторлық нейропатия
- жүрек жеткіліксіздігі, аритмия (ауыр емес)
- миалгия
- енгізу орнындағы реакциялар
- қандағы билирубин мен сілтілі фосфатазаның жоғарылауы

Сирек (≥ 1/1.000-<1/100)
- гипотензия
- АСТ және АЛТ жоғарылауы

Цисплатинмен біріктірілген Доцетаксел 75 мг/м^2 өкпенің ұсақ жасушалы емес обырын емдеуде
Өте жиі (≥1/10)
- инфекциялар
- нейтропения, анемия, тромбоцитопения
- аса жоғары сезімталдық
- анорексия
- шеткері сенсорлық және моторлық нейропатия
- жүрек айну, құсу, диарея, стоматит
- алопеция, тырнақтардың бұзылуы, тері реакциялары
- миалгия
- астения, сұйықтықтың іркілуі, қызба

Жиі (≥1/100-<1/10)
- фебрильді нейтропения
- аритмия
- гипотензия
- іш қату
- енгізу орнындағы реакциялар, ауыру
- қандағы билирубиннің жоғарылауы, АЛТ жоғарылауы

Сирек (≥ 1/1.000-<1/100)
- жүрек жеткіліксіздігі
- қандағы АСТ және сілтілі фосфатазаның жоғарылауы

Трастузумабпен біріктірілген 100 мг/м ^{2} Доцетаксел сүт безі обырын емдеуде
Өте жиі (≥1/10)

-гематологиялық уыттылық: нейтропения, фебрильді нейтропения (соның ішінде антибиотиктер аясында қызбамен өтетін нейтропения) немесе нейтропениялық сепсис
- анорексия
- ұйқысыздық
- парестезия, бас ауыруы, дисгевзия, гипоестезия
- көзден жас бөлінудің күшеюі, конъюнктивит
- лимфалық ісіну
- эпистаксис, фаринголарингеальді ауырсыну, назофарингит, ентігу, жөтел, ринорея
- жүрек айну, құсу, диарея, іш қату, стоматит, диспепсия, іштің ауыруы
- алопеция, эритема, бөртпе, тырнақтардың бұзылуы
- миалгия, артралгия, аяқ-қолдың, сүйектердің және арқаның ауыруы
- астения, шеткері ісіну, пирексия, шаршау, шырышты қабықтардың қабынуы, ауыру, тұмауға ұқсас жағдай, кеуде қуысының ауыруы, қалтырау
- дене салмағының артуы

Жиі (≥1/100-<1/10)
- жүрек жеткіліксіздігі
- летаргия

Капецитабинмен біріктірілген Доцетаксел 75 мг/м^2 сүт безі обырын емдеуде

Өте жиі (≥1/10)
- нейтропения, анемия
- анорексия, тәбеттің төмендеуі
- дисгевзия, парестезия
- көзден жас бөлінудің күшеюі
- фаринголарингеальді ауыру
- жүрек айну, құсу, стоматит, диарея, іш қату, іштің ауыруы, диспепсия
- алақан-табан эритродизестезиясының синдромы, алопеция, тырнақтардың бұзылуы
- миалгия, артралгия
- астения, пирексия, шаршау/әлсіздік, шеткері ісіну

Жиі (≥1/100-<1/10)
- ауыз қуысының кандидозы
- тромбоцитопения
- дегидратация
- бас айналу, бас ауыру, шеткері нейропатия
- ентігу, жөтел, эпистаксис
- іштің жоғарғы бөлігіндегі ауыру, ауыздың құрғауы
- дерматит, эритематозды бөртпе, тырнақтардың түссізденуі, онихолизис
- аяқ-қолдың және арқаның ауыруы
- летаргия, ауыру
- дене салмағының төмендеуі, қандағы билирубиннің жоғарылауы

Преднизонмен немесе преднизолонмен біріктірілген Доцетаксел 75 мг/м ^{2} метастаздық гормонрезистентті қуықасты безі обырын емдеуде

Өте жиі (≥1/10)
- инфекциялар
- нейтропения, анемия
- анорексия
- шеткері сенсорлық нейропатия, дисгевзия
- жүрек айну, құсу, стоматит/фарингит, диарея
- алопеция, тырнақтардың бұзылуы (ауыр емес)
- шаршау, сұйықтық іркілісі

Жиі (≥1/100-<1/10)
- тромбоцитопения, фебрильді нейтропения
- аса жоғары сезімталдық
- шеткері моторлық нейропатия
- көзден жас бөлінудің күшеюі
- сол жақ қарынша функционалдық қабілетінің төмендеуі
- эпистаксис, ентігу, жөтел
- экфолиативті бөртпе
- артралгия, миалгия

Преднизонмен немесе преднизолонмен біріктірілген Доцетаксел 75 мг/м ^{2} жоғары қауіпті метастаздық гормонрезистентті қуықасты безі обырын емдеуде

Өте жиі (≥1/10)
- анемия, нейтропения, оның ішінде фебрильді
- ұйқысыздық
- шеткері сенсорлық нейропатия
- бас ауыру
- ентігу, жөтел, жоғарғы тыныс жолдарының инфекциясы
- диарея, стоматит, іш қату, жүрек айну, диспепсия, іштің ауыруы, метеоризм
- алопеция, тырнақтардың бұзылуы
- миалгия
- летаргия, тұмауға ұқсас симптомдар, астения, сұйықтықтың іркілуі

Жиі (≥1/100-<1/10)
- аса жоғары сезімталдық
- қант диабеті
- анорексия
- бас айналу
- көру қабілетінің бұзылуы
- гипотензия
- фарингит
- құсу
- бөртпе
- қызба, ауыз қуысының кандидозы, гипокальциемия, гипофосфатемия, гипокалиемия

Доксорубицинмен және циклофосфамидпен біріктірілген 75 мг/м^2
Доцетакселмен адъювантты ем лимфа түйіндері зақымдануымен және зақымдануынсыз сүт безі обыры бар пациенттерде, жиынтық деректер
Өте жиі (≥1/10)
- инфекциялар, нейтропениялық инфекция
- анемия, нейтропения, оның ішінде фебрильді, тромбоцитопения
- анорексия
- дисгевзия, шеткері сенсорлық нейропатия
- конъюнктивит
- ысыну кернеулері
- жүрек айну, құсу, стоматит, диарея, іш қату
- алопеция, терінің бұзылулары, тырнақтардың бұзылуы
- миалгия, артралгия
- аменорея
- астения, пирексия, шеткері ісіну

Жиі (≥1/100-<1/10)
- аса жоғары сезімталдық
- шеткері моторлық нейропатия
- көзден жас бөлінудің күшеюі
- аритмия
- гипотензия, флебит
- жөтел
- іштің ауыруы
- дене салмағының жоғарылауы, дене салмағының төмендеуі

Жиі емес (≥ 1/1.000-<1/100)
- синкопе, нейроуыттылық, ұйқышылдық
- лимфалық ісіну

Сирек (≥ 1/10.000-<1/1.000)
- іркілісті жүрек жеткіліксіздігі
- жедел лейкемия (миелодисплазиялық синдром)

Цисплатинмен және 5-фторурацилмен біріктірілген Доцетаксел 75 мг/м ^{2} асқазан аденокарциномасында
Өте жиі (≥1/10)
- инфекциялар, оның ішінде нейтропениялық
- анемия, нейтропения, оның ішінде фебрильді, тромбоцитопения
- аса жоғары сезімталдық
- анорексия
- шеткері сенсорлық нейропатия
- диарея, жүрек айну, стоматит, құсу
- алопеция
- летаргия, қызба, сұйықтықтың іркілуі (ауыр/өмірге қауіп төндіретіні 1%)

Жиі (≥1/100-<1/10)
- бас айналу, шеткері моторлық нейропатия
- көзден жас бөлінудің күшеюі
- есту қабілетінің төмендеуі

- аритмия
- іш қату, асқазан-ішек ауыруы, эзофагит/дисфагия/одинофагия
- бөртпенің қышынуы, тырнақтардың бұзылуы, терінің қабыршақтануы

Цисплатинмен және 5-фторурацилмен біріктірілген Доцетаксел 75 мг/м^2 бас пен мойынның обырында

Әрі қарай радиотерапияға ұласатын бастапқы химиялық емдеу

Өте жиі (≥1/10)
- инфекциялар, оның ішінде нейтропениялық
- нейтропения, анемия, тромбоцитопения
- анорексия
- дизгезия/паросмия, шеткері сенсорлық нейропатия
- жүрек айнуы, стоматит, диарея, құсу
- алопеция
- летаргия, гипертермия, сұйықтықтың іркілуі, ісіну

Жиі (≥1/100-<1/10)
- обырлық ауырулар
- фебрильді нейтропения
- аса жоғары сезімталдық (ауыр емес)
- бас айналу
- көзден жас бөлінудің күшеюі, конъюнктивит
- есту қабілетінің төмендеуі
- миокард ишемиясы
- веналық өзгерулер
- іш қату, эзофагит/дисфагия/одинофагия, іштің ауыруы, диспепсия, асқазан-ішектен қан кету
- қышынған бөртпе, терінің құрғауы, терінің қабыршақтануы
- миалгия
- дене салмағының артуы

Сирек (≥ 1/1.000-<1/100)
- аритмия

Әрі қарай радиотерапияға ұласатын бастапқы химиотерапия

Өте жиі (≥1/10)
- инфекциялар
- нейтропения, оның ішінде фебрильді, анемия, тромбоцитопения
- анорексия
- дизгезия/паросмия, шеткері сенсорлық нейропатия
- есту қабілетінің төмендеуі
- жүрек айнуы, стоматит, құсу, диарея, эзофагит/дисфагия/одинофагия, іш қату
- алопеция, қышыма бөртпе
- летаргия, пирексия, сұйықтықтың іркілуі, ісіну
- дене салмағының төмендеуі

Жиі (≥1/100-<1/10)
- нейтропениялық инфекция
- обырлық ауырулар

- бас айналу, шеткері моторлық нейропатия
- көзден жас бөлінудің күшеюі
- аритмия
- диспепсия, асқазан-ішек ауыруы, асқазан-ішектен қан кету
- терінің құрғауы және қабыршақтануы
- миалгия

Сирек (≥ 1/1.000-<1/100)
- аса жоғары сезімталдық
- конъюнктивит
- миокард ишемиясы
- веналық өзгерулер
- дене салмағының артуы

Маркетингтен кейінгі кезеңдегі тәжірибе
- доцетакселмен байланысты, оны басқа химиялық емдеу дәрілерімен және/немесе сәуле емімен біріктіріп қолданғанда, жедел миелоидты лейкемия және миелодисплазиялық синдром
- сүйек кемігі функциясының бәсеңдеуі және басқа жағымсыз гематологиялық реакциялар. Көбіне сепсиспен немесе мультиағзалық жеткіліксіздікпен байланысты диссеминацияланған тамырішілік коагуляция (ДТК).
- кейде өліммен аяқталатын анафилаксиялық шок. Бұрын паклитакселге аса жоғары сезімталдық реакциялары болған пациенттерде доцетакселді қолданғандағы аса жоғары сезімталдық реакциялары (жиілігі белгісіз).
- доцетакселді қолдануға байланысты конвульсия немесе уақытша естен танудың сирек жағдайлары. Кейде бұл реакциялар дәрілік препараттың инфузиясы кезінде дамыды.
- дәрілік препаратпен инфузия кезінде пайда болуы тән және аса жоғары сезімталдық реакциясымен бірге көрудің уақытша бұзылуы (жарықтың жарқ етуі, жарықтық дақ, скотома). Олар инфузияны тоқтатқанда қайтымды сипатқа ие. Көзден жас бөлінудің күшеюі, соның ішінде көз жасының шамадан тыс түзілуіне әкелетін көз жасы өзегінің обструкциясы нәтижесінде конъюнктивитпен бірге тіркелген жағдайлар болған.
- ототоксикалықтың сирек жағдайлары, есту қабілетінің төмендеуі және / немесе есту қабілетінің жоғалуы
- миокард инфарктісінің сирек жағдайлары. доксорубицин, 5-фторурацил және/немесе циклофосфамидті қамтитын аралас сызбаларда доцетакселмен емделген пациенттердегі қарыншалық аритмия жағдайлары, оның ішінде кейде өліммен аяқталатын қарыншалық тахикардия (жиілігі белгісіз).
- веналық тромбоэмболия сирек жағдайлары
- жедел респираторлық дистресс, интерстициялық пневмониялар және өкпе фиброзы синдромының сирек жағдайлары; сәуле емін бір мезгілде қабылдап жүрген пациенттерде радиациялық пневмонит
- гастроинтестинальді өзгерулер, тесілулер, ишемиялық колит, колит және нейтропениялық энтероколит нәтижесінде сусыздану, ішектің түйнелуі және ішек бітелісі сирек жағдайлары

- кейде өліммен аяқталатын гепатит өте сирек жағдайлары, әсіресе бұрын бауыр аурулары болған пациенттерде.
- терілік қызыл жегі және көп формалы эритема, Стивенс-Джонсон синдромы, уытты эпидермалық некролиз бен жедел жайылған экзантематозды пустулез сияқты буллёзді бөртпелер. Доцетакселді қолданумен байланысты склеродермаға ұқсас өзгерулер, бұдан бұрын шеткері лимфа ісінулері болған. Тұрақты алопеция (жиілігі белгісіз).
- бүйрек жеткіліксіздігі; осы жағдайдың шамамен 20%-да қатар жүретін нефроуытты дәрілік препараттар және асқазан-ішек бұзылулары сияқты жедел бүйрек жеткіліксіздігінің даму қаупінің факторлары болмаған
- сәулеленуге ретроспективті реакция, жедел олигурия немесе гипотензия көріністерімен қатар жүрмейтін сұйықтық іркілісі, сусыздану және өкпенің ісінуі сирек жағдайлары
- электролиттік теңгерімсіздік жағдайлары. Сусызданууға, құсуға және пневмонияға байланысты гипонатриемия. Гипокалиемия, гипомагниемия және гипокальциемия, әдетте асқазан-ішек бұзылыстарымен, көбіне диареямен байланысты. Өлімге әкелуі ықтимал ісік лизис синдромы (жиілігі белгісіз).
- доцетакселді қолдану кезінде миозиттің дамуы (жиілігі белгісіз).

Жағымсыз дәрілік реакциялар туындаған кезде медицина қызметкеріне, фармацевтика қызметкеріне немесе дәрілік препараттардың тиімсіздігі туралы хабарламаларды қоса алғанда, дәрілік препараттарға жағымсыз реакциялар (әсерлер) бойынша тікелей ақпараттық дерекқорға жүгіну керек
Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Медициналық және фармацевтикалық бақылау комитетінің «Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды сараптау ұлттық орталығы» ШЖҚ РМК
http://www.ndda.kz
немесе
«Ұлттық фармакоқадағалау ғылыми орталығы» АКЕҰ
http://www.drugsafety.ru

Қосымша мәліметтер
Дәрілік препараттың құрамы
1 құтының (20 мг/мл) ішінде
белсенді зат –сусыз доцетаксел 20 мг
қосымша заттар: сусыз лимон қышқылы, сусыз этанол, полисорбат 80
1 құтының (80 мг/4 мл) ішінде
белсенді зат – сусыз доцетаксел 80 мг
қосымша заттар: сусыз лимон қышқылы, сусыз этанол, полисорбат 80

Сыртқы түрінің, иісінің, дәмінің сипаттамасы
Түссіз немесе бозғылт-сары түсті сұйықтық.

Шығарылу түрі және қаптамасы
1 мл (20 мг/мл орау үшін) немесе 4 мл (80 мг/4 мл орау үшін) концентраттан көк түсті алмалы-салмалы пластмасса қақпағы бар алюминий қалпақшаның көмегімен бекітілген, резеңке тығыны бар I типті түссіз шыныдан жасалған құтыда.
1 құтыдан медициналық қолдану жөніндегі қазақ және орыс тілдеріндегі нұсқаулықпен бірге картон қорапшаға салынады.

Сақтау мерзімі
2 жыл
Жарамдылық мерзімі өткеннен кейін қолдануға болмайды!

Сақтау шарттары
Жарықтан қорғалған жерде 2 °С-ден 25 °С-ге дейінгі температурада сақтау керек.
Сұйытылған ерітінді дайындалғаннан кейін дереу пайдаланылуы тиіс, инфузияға арналған (сағаттық инфузияны қоса) ерітінді 4 сағат ішінде бөлме температурасында және әдеттегідей жарық жағдайында пайдаланылуы тиіс.
Пайдаланылмаған қалдықты жойыңыз!
Балалардың қолы жетпейтін жерде сақтау керек!

Дәріханалардан босатылу шарттары
Рецепт арқылы.

Өндіруші туралы мәліметтер
«Kelun-Kazpharm (Келун-Казфарм)» ЖШС, Қазақстан, Алматы облысы Қарасай ауданы, Елтай а/о, Көкөзек а., тел/факс: 8 (727) 312-14-01, e-mail: kelun_reg@mail.ru

Тіркеу куәлігінің ұстаушысы
«Kelun-Kazpharm (Келун-Казфарм)» ЖШС, Қазақстан, Алматы облысы Қарасай ауданы, Елтай а/о, Көкөзек а., тел/факс: 8 (727) 312-14-01, e-mail: kelun_reg@mail.ru

Қазақстан Республикасы аумағында тұтынушылардан дәрілік заттардың сапасы жөніндегі шағымдарды (ұсыныстарды) қабылдайтын және дәрілік заттың тіркеуден кейінгі қауіпсіздігін қадағалауға жауапты ұйымның атауы, мекенжайы және байланыс деректері (телефон, факс, электрондық пошта)
Kelun-Kazpharm (Келун-Қазфарм) ЖШС, Қазақстан, Алматы облысы, Қарасай ауданы, Елтай а/о, Көкөзек ауылы, №1147,
тел/факс: +7 771 588 72 17, e-mail: kelun_farmakonadzor@mail.ru